

Ақсу өңірі



Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№4 (10 207)

26 қаңтар

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru



330 жыл Бөрібай батыр

I.ЖАНСҮГРОВ:

Өз елі, өз ерлерін ескермесе, Ел тегі алсын қайдан

кемеңгерді.



ТАҒАЙЫНДАУЛАР



РАХМАНОВ АСХАТ АНУАРОВИЧ

Ақсу ауданы әкімінің 2024 жылғы 17 қаңтардағы өкіміне сәйкес «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жалпы бөлімшесінің басшысы болып тағайындалды.

Рахманов Асхат Ануарович - 1986 жылы 8 қыркүйекте Алматы облысы, Ақсу ауданы, I.Жансүгіров ауылында дүниеге келген.

Жоғары білімі бар: 2009 жылы - Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы қаржыгер мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2012 жылдың 12 қыркүйектен "Н.Есеболатов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің компьютерлік бағдарламашы қызметшісі.

2012 жылдың 4 желтоқсанынан "Ақсу аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет атқарды.



ҚАЛИЕВ ТАЛҒАТ КУШЕРБАЕВИЧ

2024 жылғы 17 қаңтардағы Ақсу ауданы әкімінің өкіміне сәйкес «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (кадр қызметі) бөлімшесінің басшысы болып тағайындалды.

Қалиев Талғат Кушербаевич - 1977 жылы 11 ақпанда Алматы облысы, Ақсу ауданы, I.Жансүгіров ауылында дүниеге келген.

Жоғары білімі бар: 2004 жылы Қазақ Еңбек және Әлеуметтік қатынастар академиясын «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2004 - 2018 жылдары аралығында Алматы облысы ішкі істер департаментінің, Ақсу ауданының ішкі істер бөлімінің әр саласында қызмет атқарды.

2019 жылдың 10 қыркүйекте «Ақсу ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

2022 жылдың 01 қаңтарынан «Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бас маман болып қызмет атқарды.



КЕНЕСОВ ЕРНАЗАР СЕРІҚҰЛЫ

2024 жылдың 15 қаңтарынан Жетісу облысы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығының бұйрығымен Ақсу ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы лауазымына тағайындалды.

Кенесов Ерناзар Серіқұлы 1995 жылы 7 сәуірде Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылында дүниеге келген.

Жоғары білімді. 2017 жылы Беларусь мемлекетінде төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс университетін тәмамдаған.

- 2017 жылдың 25 маусымынан «Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаменті Кербұлақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің аға инженері.

- 2019 жылыдың 27 маусымнан «Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаменті Қаратал ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

ЕГЕР БҰЛ ТІЗІМДЕ БОЛСАҢЫЗ, МӘМС ҮШІН ЖАРНА ТӨЛЕМЕЙСІЗ

Жарналарын мемлекет төлейтін жеңілдік санатына кіреді:

18 жасқа дейінгі балалар; Жұмыс істемейтін жүкті әйелдер;

Баланы үш жасқа толғанға дейін тәрбиелейтін жұмыс істемейтін адамдар;

Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы асырап алуға немесе асырап алуға байланысты, сондай-ақ бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыстағы адамдар;

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар;

Мүгедек баланы күтетін жұмыс істемейтін адамдар; Бала кезінен



мүгедектерге күтім жасайтын адамдар;

Мүгедектер; Зейнеткерлер мен екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері;

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында

күндізгі бөлімде оқитын адамдар;

Жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар; Жұмыс істемейтін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар;

Жұмыс істемейтін оралмандар; Ең төменгі қауіпсіздіктегі мекемелерді қоспағанда, қылмыстық-атқару жүйесі

мекемелерінде сот үкімімен жазасын өтеп жатқан адамдар;

Тергеу изоляторларында отырған адамдар.

Сіз өзіңіздің әлеуметтік мәртебеніңізді egov.kz порталы арқылы тексере аласыз.

Егер адам тізімде жоқ болса, растайтын құжаттардың тізімін жинап, ХҚО-ға тапсыру қажет. Ақпарат мемлекеттік органдарға растау үшін жіберіледі және жеңілдік санаты берілгеннен кейін, МӘМС жүйесінде мәртебесі «Сақтандырылған» болады.

Естеріңізге сала кетейік, МӘМС жүйесіндегі мәртебені fms.kz ресми сайттан, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасынан, телеграммадағы Saqtandyrybot арқылы немесе eGov.kz электрондық үкіметтегі жеке кабинеттен көруге болады.

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИНЕ 2024 ЖЫЛДЫҢ I, II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

АУДАНЫҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІНЕН ҚҰЛАҒДАР БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ, АУДАНДЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

"АҚСУ ӨНІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫ, АРАСАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ СЕРИКОВ УЛАН СЕРІКҰЛЫ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Сериков Улан Серікұлы, 1972 жылы, 13 тамызда Алматы қаласында дүниеге келдім.

Менің ұлтым – қазақ.

1979 жылы Қызыл -Таң ауылында І.Жансүгіров атындағы орта мектебінің 1- сыныбына қабылдандым. 1987 жылы 8 - сыныпты бітірдім.

1987 - 1990 жылдары аралығында Ақсу ауданы, №8 өнеркәсіптік училищесін бітіріп, тракторист – механизатор мамандығын алдым.

1990-1995 жылдары Алматы Зооветеринария институтына оқуға түстім.

1996-2003 жылдары Талдықорған сырттай заң институтын бітіріп, заңгер-сарапшы мамандығы бойынша жоғары білім туралы диплом алдым.

1997-1998 жылы ҚР Жоғарғы Сотында бөлім меңгерушісі болдым.

2014-2017 жылдар аралығында Ақсу ауданы әкімдігінің «Матай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ. бас маманы болып жұмыс істедім.

2017-2021 жылдар аралығында Көшкентал ауылдық округ әкімі болып тағайындалдым.

2021.06.05 - «Ақсу ауданының коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ. жетекші маманы болып тағайындалдым.

2021.19.10- «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» ММ-ің мемлекеттік жер бас инспектор болып тағайындалдым.

2022.05.01. ж. - «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» ММ-ің бас инспектор болып тағайындалдым.

2023.19.01ж. - «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» ММ-ің бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу біріңғай бөлімшесінің бас инспектор болып тағайындалдым.

2020.01.10.ж. - «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» ММ-ің мемлекеттік сатып алудың біріңғай ұйымдастырушысы бөлімшесінің бас инспектор болып тағайындалдым.

Мекен-жайым: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Пушкин көшесі, №61үй, № 6 пәтер.
Тел.:87054547251.



САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Мен, Сериков Улан Серікұлы, 1972 жылы, 13 тамызда Алматы қаласында дүниеге келдім.

Менің ұлтым – қазақ. Білімім: жоғары.

2014 - 2017 жылдар аралығында Ақсу ауданының әкімдігінің «Матай ауылдық округі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет еттім.

2017 - 2021 жылдар аралығында Көшкентал ауылдық округінің әкімі болдым.

2021 - жылдан Ақсу ауданы әкімінің аппаратында қызмет жасаймын.

Отбасын құрғам, 2 балам бар.

Менің азаматтық борышым тек өзімнің сайлау округімдегі ғана емес, жергілікті басқару деңгейіндегі аудан тұрғындарының мәселелерін шешуде өз үлесімді қосуға тырысамын және өзіме сенім артып отырған сайлаушыларымның алдында өз жауапкершілігімді сезінемін.

Арасан ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде келешекте алдыма қойылған мақсаттарым:

- Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан



Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, облыс, аудан әкімдерінің шешімдері мен өкімдерін жүзеге асыру шараларын жасау және олардың орындалуын қамтамасыз ету;

- «Нәтижелі жұмыспен қамту жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша округтегі кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарымен тығыз байланыста болып, округтегі мәдени қоғамдық жұмыстарына белсене араласуын ұйымдастыру, аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік жағынан қолдау, жұмыссыздықты азайту, жұмыссыздарды және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында жаңадан жұмыс орындарын ашуға ықпал ету;

- Арасан ауылдық округінің басты саласы ауылшаруашылығы сондықтан ауылшаруашылығының дамуына, кәсіпкерлікті дамытуға, ықпал ету. Халыққа берілген жер телімдерінің дұрыс пайдалануын қадағалау;

- Суармалы жерлерді тиімді пайдалану мақсатында суару каналдарының жөндеу жұмыстарының жасалуына ықпал ету;

- Округтегі білім беру ұйымдарымен үнемі байланыста болып, оқушылардың түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуына жағдай жасау;

- Тұрмысы төмен отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жаңдарды назардан тыс қалдырмай, қамқорлық көрсету;

- Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында ауыл жастарының спортпен шұғылданып, түрлі жарыстарға қатысуына ықпал ету;

- Мен партия мүшесі ретінде «AMANAT» партиясының «Қазақстан - 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын басшылыққа ала отырып іске асырамын.

Құрметті сайлаушылар! Мен ауыл округі әкімі болып сайланған жағдайда бар күш - жігерімді, іс - тәжірибемді қызметтік міндеттерімді уақыт талабына сай атқаруға, көпшілік арасындағы саяси - ұйымдастырушылық жұмыстардың пәрменділігін одан ары арттыруға, тұрғындардың әл - ауқатын барынша жақсартуға, ауылдағы әлі де бар әлеуметтік проблемалық мәселелердің оңды шешілуіне жұмысайтын боламын. Сіздердің қолдауларыңызға ие болуға сенім білдіремін.

АРАСАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ ЖАНБОЛАТ АЙБАР ҚАЙРАТҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУШЫЛАР АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

1992 жылдың 9 желтоқсанында Талдықорған облысы, Қапал ауданы, Арасан ауылында дүниеге келген.

1999 жылы Қапал ауданы, Баласаз бастауыш мектебінің 1 сыныбына барған.

2010 жылы Талдықорған қаласындағы спортқа дарынды балаларға арналған мектеп - интернатында 11 сыныпты аяқтаған.

Білімі жоғары, 2010 – 2014 жылдар аралығында Талдықорған қаласының Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін бітіріп, туризм мамандығын алған.

2021-2023 жылдары Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі дәрежесін алған.

2014-2015 жылдарда Ақтау қаласында Қазақстан Қарулы күштерінде азаматтық борышын атқарған.

Еңбек жолдарын 2018 жылдан 2021 жыл аралықтарында Талдықорған қаласы, Өтенай ауылдық округі әкімінің аппаратында тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімшесінде және ауылшаруашылық бөлімшесінде маман лауазымында қызмет көрсеткен.

2021-2022 жылдарда Ескелді ауданы, Жалғызғаш ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман лауазымдық қызметін атқарған.

2022 жылдан «Айбар» шаруа қожалығында қызмет атқаруда.

Жанұялы, бір бала тәрбиелейді.

Қызығушылығы: кітап оқу, спорт.



Құрметті ауыл тұрғындары, жерлестер және сайлаушыларым!

Егерде Сіздер маған сенім артып Арасан ауылдық округі әкімі аппараты әкіміне сайласаңыздар негізгі менің атқаратын қызметім ол – ҚР Конституциясы, ҚР Президентінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан туындап, ҚР «Жергілікті атқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының іс жүзінде іске асырылуы болып табылады.

Осыған байланысты мен өзімнің күнделікті жұмысымда тұрғындардың мұң-мұқтажын шешуге, ауылдық округтің әлеуметтік - экономикалық саласын дамытуға аса бас аударылады.

ҚР Президенті өз Жолдауында орта білім беру мектептері оқушылардың сапалы білім алуына ерекше көңіл бөлуді талап етті.

Барлығымызға мәлім Арасан ауылында орналасқан Б.Сырттанов ауылындағы орта білім беру мектебінің ғимараты талай жылдар бойы күрделі жөндеуден өтпегендігі.

Осыған байланысты аудан әкімі аппараты мен аудандық білім беру органымен бірлесіп, қолдау тапқан жағдайда орта білім беру мектебінің ғимаратын жөндеуден өткізсек.

Сонымен қатар, мектеп жанындағы оқушыларға арналған спорт алаңы да сын көтермейді. Егерде біз жасөспірімдерді спортқа баулып, салауатты өмірді насихаттаймыз десек, бұл мәселенің де шешімін табуға болады.

Ауылдың әлеуметтік - экономикалық саласы басты назарда ұсталуға қажет.

Республика көлемі бойынша «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауылшаруашылық саласы бойынша зор үлесін қосуда. Осы тұста ауыл тұрғындарына мал өсіруге, бордақылауға және асылдандыруға жеңілдетілген несиелер беру көзделген, несие беру уәкілетті органдарымен және мекемелерімен бірлесіп жұмыс атқарсақ, тұрғындарға көмегін беріп, жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етеміз.

Ауылшаруашылығы саласы бойынша округ шекарасында орналасқан шаруа қожалықтары, кәсіпкерлікпен шұғылданатын жеке және заңды тұлғалармен тығыз қарым - қатынаста жұмыс атқарып, оларға мейлінше қолдау көрсетіп, жұмыс қызметтеріне заңсыз араласуға жол бермейміз.

Және де ауыл тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз етіп, арық жүйесі суының тапшылығын жоюға шара қолданылады.

Соңғы жылдары қосалқы шаруашылық иегерлерінің мал басы саны өсуде. Сондықтан жайылым жер телімін сақтау үшін, бойдақ малдарды көктем, жазғы және күзгі мезгілдерде жайлауға шығару мәселесін шешпекпін.

Үкімет тарапынан аз қамтылған, көп балалы жанұяларға көмектер көрсетілуде, бұл жұмыстар да жалғасын табады.

Ауылдық округі әкімі аппаратының



күнделікті жұмысының бірі, ол - ҚР «Салық кодексінің» талаптарын сақтау. Яғни, тұрғындардан міндетті салық және басқа да төлемдердің бюджетке түсуін қадағалау. Себебі, 4 салық түрі ауылдық округі әкімінің аппаратының бюджетіне түседі. Тұрғындардың ауыл бюджетіне түскен салық төлемдері қауымдастық мүшелерімен келісе отырылып, ысырапсыз жұмсалуды қажет.

Тағы бір тоқталатын мәселе ауылды абаттандыру, көгалдандыру және тазалықты сақтау.

Осыған орай, ауыл көшелерінің түнгі жарықпен қамтамасыз етілуі ауыл тұрғындарына тұрақты түрде қызмет көрсетілуі басты назарда болмақ.

ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 729 бабына сәйкес, ауылдық округі әкімінің құзырында 15 бап бойынша әкімшілік жауапкершілікке тарту көрсетілген.

Осы 15 баптың ішінде санитарлық тазалық, заңсыз ағаш кесу, белгіленбеген жерде сауда жасау, бос байлаусыз жүрген иттер және тағы басқа да әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы істері.

Айтарым, округ әкімі болып сайланған жағдайда аталынған әкімшілік заң бұзушылықтарға жол берілмейді.

Арасан ауылында саябаққа арналған жер телімі бөлінгені барлығымызға мәлім. Ендігі алда тұрған мақсатымыз осы саябақты жөнге келтіру, көгалдандыру және көркейту болып табылады. Себебі, саябақ елдің, тұрғындардың көркі болмақ.

Ауылдық округі әкімінің аппаратының бюджет қоры үлкен жобаларды іске асыруға мүмкіншілік бермейді.

Осы тұста жобаларды іске асыру үшін облыс, аудан әкімшілігінің, аппараттарының қолдаулары қажеттілікті сұрайды.

Сондықтан ауылда мәдениет үйінің жоқтығы тұрғындарды өте қатты қынжылтады. Егерде аудан әкімшілігі қолдаса, бұл мәселе шешімін табады деген ойдамын.

Тағы бір тоқталатын үлкен мәселе ауылдық округ шекарасында бүкіл бұрынғы Одаққа белгілі, шипасы зор шипажайдың болғандығы. Аталған шипажайды қайта орнына келтіру үлкен қаражатты талап етеді. Сондықтан бәлкім осы шипажайды бюджет қорынан қаражат немесе инвесторлардың қолдауы қажет шығар. Болмаған жағдайда шипажайды мемлекет меншігіне қайтару мәселесін шешу керек пе деп ойлаймын.

Егерде мен ауылдық округі әкіміне сайланған жағдайда тұрғындар, жасөспірімдер арасында спортты дамыту көзден таса қалмайды. Шамам келгенше спортты дамытуға, салауатты өмірді насихаттауға күш-жігерімді аямаймын.

Мәдени іс-шараларға келсем «Наурыз», «1-мамыр», «9-мамыр», Жаңа жыл тағы да басқа мейрамдарын ұйымдастыру, өткізу бас назарда болмақ.

Құрметті ауыл тұрғындары, сайлаушыларым негізгі алға қойған мақсатым - ҚР Президенті, Үкіметінің, жергілікті атқару органдарына қойған талаптарын орындап, саясатын іс-жүзіне асыру болып табылады.

Әрине, Сіздер маған сенім артсаңыздар алда тұрған атқарылатын жұмыстар жоқ емес, бар.

Осы бағдарламада көтерілген мәселелер ауылдағы округі әкімі аппаратының қызметкерлері және Сіздердің қолдауларыңыз болса ғана жүзеге асырылады. "Жұмыла көтерген жүк жеңіл", -демекші бірлесіп жұмыс жасасақ, алынбайтын қамал жоқ дегім келеді.

Сондықтан Сіздерді 2024 жылдың 11 ақпанында өтетін сайлауға бір адамдай қатысып, маған дауыс берулеріңізді сұраймын.

АҚСУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ | ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА АКСУСКОГО РАЙОНА

ЖОБА

ПРОЕКТ

Ақсу ауданының әкімдігінің кейбір Қаулыларының күшін жою деп тану туралы
«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына сәйкес Ақсу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Осы Қаулының қосымшасына сәйкес Ақсу ауданының әкімдігінің кейбір Қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
- Осы Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары К.Даулетбековаға жүктелсін.
- Осы Қаулы оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. ТЫНЫШБАЕВ

Ақсу ауданының әкімдігінің 2024 жылғы
қаңтардағы Қаулысына қосымша

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІНІҢ КЕЙБІР ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЛҒАН ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

- Ақсу ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №506 «Ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» қаулысы;
- Ақсу ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №507 «Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» Қаулысы;
- Ақсу ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №508 «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» Қаулысы.

О признании утратившими силу некоторых постановлений акимата Аксуского района
В соответствии со статьей 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», со статьей 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах», акимат Аксуского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Признать утратившими силу некоторые постановления акимата Аксуского района согласно приложению к настоящему постановлению.
- Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района К.Даулетбековой.
- Настоящее постановление вводится в действие его первого официального опубликования.

Аким района

Б. ТЫНЫШБАЕВ

Приложение к постановлению акимата
Аксуского района от «__» __ 2024 года № __

ПЕРЕЧЕНЬ УТРАТИВШИХ СИЛУ НЕКОТОРЫХ ПОСТАНОВЛЕНИИ АКИМАТА АКСУСКОГО РАЙОНА

- Постановление акимата Аксуского района от 22 декабря 2016 года №506 «Об установлении квоты рабочих мест для трудоустройства граждан из числа молодежи, потерявших или оставшихся до наступления совершеннолетия без попечения родителей, являющихся выпускниками организации образования»;
- Постановление акимата Аксуского района от 22 декабря 2016 года №507 «Об установлении квоты рабочих мест для трудоустройства лиц, освобожденных из мест лишения свободы и лиц, состоящих на учете службы пробации»;
- Постановление акимата Аксуского района от 22 декабря 2016 года №508 «Об установлении квоты рабочих мест для трудоустройства инвалидов».

АРАСАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ КАБИРОВ РАМИЛЬ ЗАРИФҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН САЙЛАУШЫЛАР АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мен, Кабиров Рамиль Зарифович, 1988 жылы 18 сәуір Алматы облысы, Қапал ауданы, Арасан ауылында дүниеге келдім. 1994 жылы Б.Сырттанов атындағы орта мектебінің табалдырығын аттап, 2005 жылы мектепті бітірдім. 2005 жылы Талғар Агробизнес және менеджмент колледжінің - техник механик мамандығына түстім. 2008 жылы оқу орнын бітіріп, 25/34 Шонжы әскери бөлімінің шекарашы әскерінің қатарына қосылдым. 2009 жылы қараша айында әскерден келіп, ТОО «Медсервис Плюс-ке» жүргізуші болып кірдім. 07.09.2015 жылы «Алматы Азық» ТОО-ға көтерме және бөлшек сауда менеджері болып орналастым. 2016 жылы өз еркіммен жұмыстан шығып, туған жеріме ш/қ «Жұнар» ұжымына механик-тракторист болып жұмысқа кірдім. Алматы облысы, Ақсу ауданының Әкімдігінің №240 Қаулысымен 07.06.2018 жылдан бастап «Жұнар» шаруа қожалығының басшысы болып тағайындалдым.

Қазіргі уақытта өз шаруаммен айналысамын.

2017 жылда некеге тұрдым.

Менің отбасым:

Әкем - Ниязов Зариф Кабирович 11.09.1963 ж.

Анам - Ниязова Светлана Токтаровна 07.06.1965 ж.

Жарым - Кабиров Айжан Жексембекқызы 20.11.1991 ж.

Ұлым - Зариф Димаш Рамильұлы. 28.07.2018 ж.

Қызым - Зариф Расима Рамильқызы 22.10.2020 ж.

Өзім және отбасым, қылмыстық жауапқа тартылған жоқпыз.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Мен, Кабиров Рамиль Зарифович Арасан ауылдық округі әкімі болып сайланған жағдайда алдыма қоятын басты мақсаттарым:

- Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулыларын, облыс, аудан әкімдерінің шешімдері мен өкімдерін жүзеге асыру шараларын жасау және олардың орындалуын қамтамасыз ету.

- Ауылдық округті дамыту, санитарлық тазалығын, бюджет қаражатын пайдалану және тағы да басқа мәселелері бойынша жергілікті қауымдастықпен тығыз әрекеттесу.

- Жергілікті халықтың әл - ауқатын жақсарту мақсатында, ауыл халқымен тығыз байланыста жұмыс жүргізе отырып, жинақтаған тәжірибемді, білімімді, барлық күш-жігерімді жұмсауға дайынмын және мемлекеттік - үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп отырып келісілген нақтылы бағдарлама құрып оны іске асыру.

- Туристік бағыт - атап айтқанда санаториялық емдеу бағытын дамыту және эко туризм. Ол үшін дайын тұрған шипажайға қосымша ауылдың ішінен және маңынан генпланды нақтылау арқылы ғимараттар салуға коммерциялық жер телімдерін дұрыстап инвесторларды шақырту мақсатында жұмыс атқарам.

- Ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану жолдарын қарастырып, сол арқылы халықтың әлеуметтік жағдайын



көтеру жолында жұмыстарын жүргіземін.

- Бүгінгі күні өзекті мәселелер мал жайылымы мен егістіктің өнімділігін көтеру проблемалары. Мал жайылымы бойынша қыс мезгілінде қыстаулық жерлерде шөп болмауына байланысты ауыл халқы қатты қиналып жатыр, осы мәселені шешудің бірден бір жолы құм жақтан ауылға қыстаулық жерлер қарастыру, және су тапшылығын тудырмау үшін су қоймаларын салу жұмыстарын жандандыру.

- Ауылшаруашылық саласында ауылдағы шаруа қожалық және кәсіпкерлердің шешімдерін жүрген мәселелерін, мұң - мұқтажын біліп шаруашылықтардың қарқынды дамуына және мал санын көбейтіп өсіруге, мал тұқымын асылдандыру мақсатында жұмыстар ұйымдастыруға жұмыс атқарам.

Егін шаруашылығының мол өнім беруі үшін каналдар мен арықтарды тазалату және ауылшаруашылық жұмыстарын дамыту үшін, округке жаңа ауылшаруашылық техникаларын тарту жұмыстарына ықпал етемін.

- Денсаулық сақтау саласында «Салауатты өмір салты» бағдарламасына сәйкес округ бойынша түрлі жұқпалы аурудың алдын алуға және зардаптарына қарсы жұмыстарын ұйымдастыруға ықпал етемін.

- Білім саласында ауылдық округте орналасқан мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, мектептерде спорттық, музыкалық үйірмелердің өтуіне байланысты атқарылатын шараларға ықпал етемін.

- Мәдениет саласында ауыл жастары мен жасөспірімдерді отансүйгіштік пен патриоттық сезімге тәрбиелеу және ауыл халқын әртүрлі мәдени шаралар жұмыстарын қолға аламын. Ауыл жастарының бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында спорттық үйірмелер, түрлі концерттік бағдарламаларын өткізу жұмыстарын ұйымдастырамын.

Құрметті жерлестерім!

Мен ауылдық округі әкімі болып сайланған жағдайда аталған бағдарламаларды жүзеге асыруға бар білімімді, күш-жігерімді салатыныма уәде беремін.



Тоғасов Ержан Досмұратұлы 1993 жылы 23 маусымда, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылында дүниеге келген.

2000-2011 жылы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясында оқыды.

2011-2015 жылдары Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің инженер - энергетикалық факультетінің кәсіптік оқыту мамандығы бойынша оқыды.

2016-2018 жылдары А.Жолдасбеков атындағы академиясын сырттай жергілікті мемлекеттік басқару мамандығын оқып, бітірді.

2015-2018 жылдары Ақсу ауданының Қаракөз ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маманы.

2018-2019 жылдары «Ақсу ауданының ауылшаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

2018-2021 жылдары «Ақсу ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы.

2021 жылдан бері «Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдер және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

Үйленген. Қазіргі уақытта 2 қыз бала тәрбиелеп өсіріп отыр.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМА

Арасан ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде келешекте алдыма қойылған мақсаттарым:

- Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, облыс, аудан әкімдерінің шешімдері мен өкімдерін жүзеге асыру шараларын жасау және олардың орындалуын қамтамасыз ету;

- «Нәтижелі жұмыспен қамту жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша округтегі кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарымен тығыз байланыста болып, округтегі мәдени қоғамдық жұмыстарына белсене араласуын ұйымдастыру, аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік жағынан қолдау, жұмыссыздықты азайту, жұмыссыздарды және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдарды жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу мақсатында жаңадан жұмыс орындарын ашуға ықпал ету;

- Арасан ауылдық округінің басты саласы ауылшаруашылығы сондықтан ауылшаруашылығының дамуына, кәсіпкерлікті дамытуға, ықпал ету. Халыққа берілген жер телімдерінің дұрыс пайдалануын қадағалау;



- Суармалы жерлерді тиімді пайдалану мақсатында суару каналдарының жөндеу жұмыстарының жасалуына ықпал ету;

- Округтегі білім беру ұйымдарымен үнемі байланыста болып, оқушылардың түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуына жағдай жасау;

- Тұрмысы төмен отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмай, қамқорлық көрсету;

- Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында ауыл жастарының спортпен шұғылданып, түрлі жарыстарға қатысуына ықпал ету;

- Мен партия мүшесі ретінде «Аманат» партиясының «Қазақстан - 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» сайлауалды бағдарламасын басшылыққа ала отырып іске асырамын.

Құрметті сайлаушы депутаттар! Мен ауыл округі әкімі болып сайланған жағдайда бар күш - жігерімді, іс-тәжірибемді қызметтік міндеттерімді уақыт талабына сай атқаруға, көпшілік арасындағы саяси - ұйымдастырушылық жұмыстардың пәрменділігін одан ары арттыруға, тұрғындардың әл-ауқатын барынша жақсартуға, ауылдағы әлге де бар әлеуметтік проблемалық мәселелердің оңды шешілуіне жұмысайтын боламын. Сіздердің қолдауларыңызға ие болуға сенім білдіремін.

ЖЕРЛЕСІМІЗ. АҚЫН СВЕТ ОРАЗАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 85 ЖЫЛ!

МУЗАРТ ШЫҢ ТАСЫНДА ӨСКЕН МУЗБАЛАК - ЖЫР

Қайырап қанжар тілмен айтыс басын,
Мен жазбаған Құдай жыр

қай тұстасың?!

Абайдың сөзіндей ғып ел тыңдаған,
Әруақ сөз қайдасың мен тумаған?!

Свет ОРАЗАЕВ.



Сұғанақ қолдан өтіп, "мүгедек" боп.
Назардан тысқарылау қалып бұл да,
Іштей аса қынжылып, қамықтым да.
Таусылуға шақ қалдым талмаусырап,
Сіңіп жатқан өзендей барып құмға.

Осылайша "Бақыттан, бақтан қағам"
дейтін, жамандауға келгенде жұмыла
кететін бақталастарының табасына
қалған ақын үшін бұдан өткен қайғы бол-
майды. Тұла бойды құрыстырып, та-
ланттыларды тобықтан қағуға дайын
қызғаныш деген дерт пенде біткенде бар
емес пе? Жазғандары газет-журналға да
сирек шығып, көңілінің де, тұрмысының
да қыры кеткен соң өз жарасын өзі жазу
үшін "өлеңсіз де өлмеспін",-деп жырдан
жырақтағанын араға ондаған жылдар
салып қаламымен қайта қауышқанда
оқырманға сыр қылып айтады ол.

Жетісу жақтан іңгөлап шыққан дауысым,
Аман - сау өтіп базарлы шақтан,
Жалау ғып ұстап Жансүгіровтің
намысын,
Алай да түлей бұрқасындарға
қарсы аққан.

Сол дауыс бүгін талайдың жанын
жандырып,
Дүрілдеп өрттей, ықпайды және
ешкімнен,

Нулы да сулы жапан даланы жаңғыртып,
Армандай өзен Ақжайық жақтан
естілген.

Ақжайық жақтан естілген осы дауысым,
Өлеңнің кейбір өзегін мүлде өрте де.
Аралдай өтіп базарлы бақша-бау ішін,
Жете гөр дәйім Жетісу атты өлкеме,-
дейді ақын туған жерге деген сағынышын
жасыра алмай.

Алғашқы кездесуден кейін поезға Ал-
маты бағытына қимастықпен шығарып
салған ақын ағаның тұлғасы көкейімнен
көпке дейін кетпеді.

Қайда екен, қай жерге тұрақтады екен
деген ой маза бермеді. Көршілес Ақсу
ауданына барғанда өлең - сөздің қадірін
білетін адамдар ортасынан да сауалыма
жауап іздедім.

1995 жылы мамырдың аяғында
Алматыға жолым түсті. Көк базардағы
газет редакциясы орналасқан еңселі
ғимаратқа еніп, лифтіге беттей бергенімде
жоғарыдан төмен түскен екі-үш адамның
арасынан Свет ағаны жазбай таныдым.

Ол кісі де қуанышын жасыра алмай
құшақтап, ауыл - аймақ амандығын сұрады
да өз жайынан хабардар етті. Жезқазған
өңірінен қоныс тауыпты. "Ағадыр таңы"
газеті редакциясында қызмет істейді екен.
Қоштасарда кейінгі шыққан "Өлеңім - өзім"
деген кітабын қолтаңба жазып сыйлады.

Өзінде қалған жалғыз данасы болса кер-
ек, аппақ қағазбен орап, сыртына "Өзіме"
деп жазып қойған екен. Қолтаңбасында
"Жомарт інім! Аман-есен болайық!" деген
ақ тілегі айшықталған-ды.

Алайда, содан кейін ағамызды аман
көруге тағдыр жазбады.

- Тірлігім, өттеген-ай! - десем де мен,
Жүрермін ұзақ әлі көшеңменен.
Келесі ғасырыма жетем бәлкім,
Еркелеп ел-жұртыма нәсерлі өлең,- деген
ақынға жаңа ғасырдың биігінен сөйлеу
бұйырмады. Тірлішікке іңкәр адам келген
әрбір жаңа маусымға қуанса, денсаулығы
дімкәс ақын "есіл өмір зу етіп өте шыға

ма?" деп мұңаяды.

Болған әбден сұсынан құстар ығыр,
Қайтып кетті қиырға қыс тағы бір.
Кеміп қалды -ау тағы да әлденеше,
Ай-аптаға онсыз да қысқа ғұмыр.
Кербездене көк-жасыл көрпелі бір,
Көктем келіп, көп сырды шертеді бұл.
Енді тағы кемиді-ау онсыз дағы,
Күрмеуге келмейтұғын келте ғұмыр.
Жаз да келер, жасанып, жайнап өңір,
Жан жайлауын түсіріп жайға небір.
Осылайша тағы да қысқарар-ау,
Онсыз да бір-ақ тұтам қайран өмір.
Күз де келер, көңілі көсіле бір,
Ырыс-құтын алдыға тосып өңір.
Шолтияр-ау осылай онсыз дағы,
Зу етіп өте шығар есіл өмір.
Опа таппай біреуден бет бояған,
Көп қызық күткен мендей көп қой адам.
"Қызығым күткен әлгі шыжық" болмай,
Баянды бақыт болса-ау,-деп те қоям.
Деп қоям: - Болып жегжат -

жұратым сау,
Кеудемнен сұр жебедей жыр атылса!
Шырылдап жүрген кейде шыбын

жаным,
Шиқ етіп, шықпай әлі тұра тұрса!

Деп қоям: Алтындай боп хас талантым,
Мен үшін қара тасқа ұқсап алтын.
Тірімде қадірімнің ең болмаса,
Небәрі жүзден бірін ұқса халқым!

Манағы "Өлеңім - өзім" кітабынан жігері
жасымаған, өмірге ғашық ақынның екінші
тынысы сезіледі. Достыққа адалдығы,
достарға деген пейілі әрбір өлеңінен
менмұндалап көрініп тұрады екен.

Сен өзімді, өзім сені ес қып шын,
Сияқтандық жазғы нұр.

Куәсіндей болсын осы достықтың,
Бізге біткен аз ғұмыр...

Ойхой өмір! Өмір сүру жақсы-ау, ә,
Аппақ-адал ақынша!

Өмір, бірақ, сатылмайды ақшаға,
Қадірсіз ғой сатылса,-дейді қаламдас

досы Қадірбек Уәлиевке арнаған арнау
жырында.

Осы жинақта қаламдасы, талантты
ақын Есенбай Дүйсенбаевқа екі өлең ар-
напты. Сірә, елден жырақ жүргенде көпке
дейін Ақтөбеден ажырамаған бозторғай
үнді ақынның сөз демеуін жиі сезінсе кер-
ек. Біріншісінде:

Дем беріп ақының бойшандылау,
Ер көңіл Есенбайым ой салдың-ау.

Сен айтқандай тірлігім не болмақшы,
Тізіндеп арынымды қойсам мынау?! -

деп шалқар шабыт сыйлаған дос пейіліне
ризашылығын жасырмайды. Келесі өлең-
лебзінде:

Елің жаққа барғам талай сені іздеп,
Дей алмаймын баруыма негіз жоқ,- дейді
де шөл боп барып теңіз боп, түн боп бар-
рып күн болып, жоқ боп барып бар болып
қайтқанын жүрекжарды үнімен жеткізіп,
Ақтөбені Алматыға жалғастырған досына
тұлпарға тән қарқын тілейді.

Сонау Ағадырда тірлік сапары
шек-телген Свет ақынды ол кезде көзі
тірі Есенбай досы езіліп тұрып жоқтаған
екен. Осы қимастыққа толы жүрек
сөзімен ақын жайындағы айтарымызды
қорытындылаған абзал:

Ер демеу сендей ұлды болар айып,
Еркіндік күн туса деп, сор азайып.

Ақиқат алдаспанын сілтеуші едің,
Қайдасың, ақын Свет Оразаев?!

"Шындықтан жүрмесе де тауып пайда,
Бұл Свет арыстанша шауыпты Айға".

Қарлы қыс Қарауылкелді

қалды - ау алыс,
Қаракөз қарындасың Мауыт қайда?..

Айналып ел аузында ертегіге-ай,
Сапарың сарқылар ма келте бұлай?

Сен едің еркіндікпен егіз сері,
Секілді Сегізсері тентегім-ай!

Асығың түспесе де алшы күліп,
Жырынды егінші мен малшы біліп.

Алдыңнан қараңғылық үңірейіп,
Артында үйір-үйір шаң шұбырып.

Бой бермей асау ырық, арда шабыт,
Жолында жүк қалдырмас нар да атанып.

Ұлып ап аш қасқырдай айға қарап,
Қан саулап жүрегіңнен қарға тамып.

Жайықтан Жемге тартқан тарлан едің,
Ажалға амал-айлап бар ма менің.

Бір сәуле Сәкен жақтан іздеп келіп,
Сөніпсің Ағадырда, ардагерім.

Құйып ап көкірегіме құздар әнін,
Қайғыдан ішім күйіп, тұз жаладым.

Алатау, өлімтігің көрсетпепті-ау,
Мұзарт шың тасында өскен

Мұзбалағым!

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстан Жазушылар одағының

мүшесі.

Мерей

(Ақын Есенбайға)

Елің жаққа барғам талай сені іздеп,
Дей алмаймын «баруымда негіз жоқ».
Сорлап,
Талып,
Шөл боп барып өзіңе,
Қайтқам сенен бір телегей теңіз боп.

Серги түсіп селт еткізер сөзіңнен,
Өз қасыңа сәл дем алып,
Көз ілгем.

Түн боп барып,
Қайтқам сенен Күн болып,
«Жоқ» боп барып,
«Бар» боп қайтқам өзіңнен.

Өзің едің маңдайымнан қақпаған,
Мені бәйге атындай ғып баптаған.
Мүмкін, сонда мынау байтақ даламнан
Сенен басқа баратын жер таппағам.

Сен ең мені бір қиырдан танитын,
Тағдырыма қарғыс айтып,
Налитын.
Маған кейде сен ұсынған қара су
Таңдайыма балдан бетер даритын.

Дауа болып даритын-ды...
Мен енді
Сөйлетуге көшетіммін өлеңді.
Дейтін ең ғой өзің сонда: «Әлі-ақ, сен
Көрсетпессің кей мығымға төбенді!»

Өлең сөзге сен де серттей бекемсің,
Дейтін ем мен: «Нағыз ақын екенсің.
Аман-есен жүре берші,
Түбінде
Алты алаштың мақтаны боп кетерсің!»

Боз далаға бозторғай-жыр арнап шын,
Шабысыңнан әлі де сен танбапсың.
Жыр тынысын — тынысына жиһанның,
Ақтөбенді Алматыға жалғапсың.

Қазақ елі қамын дәйім ойлаған —
Дос мерейі қуаныш та,
Той маған.
Өлеңіңе қол соғады дүйім ел,
Қуатты жыр қуандырмай қоймаған.

Таңторғайы әуенінен ұйып қыр,
Әңдетеді саған басын иіп гүл...
Қарға бойлы Қазтуғандай бауырым,
Қыран күші қай жеріңе сыйып тұр?

Жүрек сөзі дертке дауа лебіз боп,
Келем әлі тіршілікте сені іздеп.
Сорлап,
Талып,
Шөл боп сенен қайтпайын,
Бара қалсам бір телегей теңіз боп.

Бара қалсам,
Сілкінейін сөзіңнен,
Болып жүр ғой қуанышты кезім кем.
Күн боп барып,
Қайтпайыншы түн болып,
«Бар» боп барып,
«Жоқ» боп қайтпай өзіңнен.

Тірлік болса,
Жүрісімді сөгер кім,
Әлі талай барармын да,
Келермін. Сырым осы...
Тұлғасымен «беделсіз»,
Тұлпарға тән қарқынымен беделдім!

Свет ОРАЗАЕВ.

Қайдасың, ақын
Свет Оразаев?!

(Жоқтау)

Ер демеу сендей ұлды болар айып!
Еркіндік күн туса деп, сор азайып.

Ақиқат алдаспанын сілтеуші едің,
Қайдасың, ақын Свет Оразаев?!

"Шындықтан жүрмесе де тауып пайда,
Бұл Свет арыстанша шауыпты Айға..."

Қарлы қыс Қарауылкелді қалды-ау алыс,
Қара көз қарындасың Мауыт қайда?..

Айналып ел аузында ертегіге-ай,
Сапарың сарқылар ма келте бұлай?

Сен едің еркіндікпен егіз сері,
Секілді Сегізсері тентегім-ай!

Асығың түспесе де алшы күліп,
Жырынды егінші мен малшы біліп.

Алдыңнан қараңғылық үйіріліп,
Артында үйір-үйір таң шұбырып.

Бой бермей асау ырық, арда шабыт,
Жолында жүк қалдырмас нар да атанып.

Ұлып ап аш қасқырдай айға қарап,
Қан саулап жүрегіңнен қарға тамып,-

Жайықтан Жемге жортқан тарлан едің,
Ажалға амал-айлап бар ма менің -

Бір сәуле Сәкен жақтан іздеп келіп,
Сөніпсің Ағадырда, ардагерім.

Құйып ап көкірегіме құздар әнін,
Қайғыдан ішім күйіп - тұз жаладым...

Алатау, өлімтігің көрсетпепті-ау
Мұзарт шың тасында өскен Мұзбалағым.
Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ «ҮШ АРЫСЫ» ИЛИЯС, СӘКЕН, БЕЙІМБЕТТИҢ ТУҒАНЫНА - 130 ЖЫЛ!



ҮШЕУДІҢ ҮНІ

Илияс Жансүгіров. Сәкен Сейфуллин. Бейімбет Майлин. Олар үшеу еді. Қазақ әдебиетінің барлық жанрына елеулі үлес қосқан тегеурінді тума таланттар еді. «Таспиктың үзілген тасындай» бір жылы (1894) туған бұл үш құрдас – бір жылы (1938) нақақтан-нақақ атылып кетерін білмеген де, сезбеген де болар?! Иә, олардың пешенесіне 44 жылдық ғұмыр жазылыпты. Туған халқымыз «үш арыс», «үш бәйтерек» деп мақтан тұтып, төбесіне көтерген болатын.

Қазақ әдебиетіне, мәдениетіне, өнеріне төңкеріс тудырған үшеудің басы туған ұлысының тағдыры таразыға тартылған алай-дүлей кезеңде табысып, ұлы мұрат жолында қосылыпты. Біреуі – Жетісудың даласынан болса, екіншісі – Сарыарқаның кіндігінен. Ал үшіншісі – Тобылдың жағасында өсіп-өнген. Илиястың да, Сәкеннің де, Бейімбеттің де қаламына тән қасиет – елдің мұңы мен халықтың аянышты хәлі. Сәкен заманында оқ бойы озық тұрып, 25 жасында-ақ үкімет басқарады. Билік тізгінін ұстағанда есіл ер ұзақ уақыт «киргиз» аталып келген елдің тарихи атауын қайтарып, арнайы қаулы шығартты.

Міне, содан бері ұлтымыз қайтадан «Қазақ елі» аталады. С.Сейфуллин қазақ тілінің мәселесін көтеріп, кеңсе тіліне айналдырады. Бір жылдың ішінде ана тілінің мәртебесін көтеруге арналған бес көлемді мақала жазыпты. Ал, Илияс болса қазақтың этнографиясы мен ұлттық музыкасы, өнері мен

мәдениеті туралы қаншама өзекті мәселелерді көтеріп, түйінін шешті. Өңгіме жанрының шебері Би-ағаның сойылдай тілінен қазақтың жадағай тіршілігі, ауыр тұрмысы мен большевиктерден көрген қасіретін шынайы суреттеген публицистиканың ең озық үлгілері туды. Үш ердің шығармалары уақыт сынынан өткен, әлеуметтік маңызы зор, идеялық-көркемдік сапасы кемел мұраға айналды.

Бүгінгі жас әдебиетшілер мен журналистерге дәріс оқығанымызда үнемі осы үш қалам қайраткерінің публицистикалық мұрасын мысалға келтіреміз. Фельетон жанрында Илиястай жүйрік журналист жоқ. Сатираның көрнекті түрлерін Бейімбет түрлентсе,

Сәкен журналистік зерттеу ісіне маманданған екен. Ілекең – қазақтан шыққан дипломды һәм кәсіби журналист. Ол – Мәскеудегі Мемлекеттік журналистика институтын тамамдаған алғашқы қазақ баласы. Ілекеңнің журналистік мұрасы алуан түрлі, сан салалы. Құлагер ақын театр, кино мәселесін жиі-жиі көтеріп, сол саланың кәсібилінуіне себепкер болды. Би-ағамыз қазақтың басына кесепат болып келген ашаршылық мәселесіне жанкештілік танытып, кеңес билігінің зиянын және күшпен ұжымдастырудың қасіретін қайта-қайта сынап жазып, өзінің қарсылығын білдіріпті. Қызыл үкіметтің саясатына имандай сеніп, бар күш-жігерін, жастығын соның орнауына арнаған қайран

Сәкен ақырында большевиктік-социалистік кері идеологияның құрбаны болды. Рас, Сәкен қызыл жүйені жырлады, десе де қызыл биліктің көзқарасын қазақтың тұрмысына бұруға қызмет етті. Шығармашылық ұйымдарды басқарған шағында да қазақтың өміріне алаңдап, ел мәселесін жазды.

Үш бәйтеректің журналистік қызметіненазараударғанымызда, үшеуі де өздері басқарған қазақ баспасөзін құлпыртып, тақырыптық-мазмұндық жағынан байытқан екен. Редактор деген биік лауазымға лайықты болған. Әлеуметтік-қоғамдық позицияны көтергенде үшеуінің жазу стиліне, сөзді құбылтуына, ойды ойнатуына қайран қаласыз. Әлеуметтік тілі, өткір ойы, сезгір сезімі ерек.

Қалам қызметіне ерте араласқан бұл үштіктің әдеби-публицистикалық мұрасы – ұлттық әдебиетіміз бен журналистикамыздың баға жетпес мәдени мұрасы. Жазған-сызғандары өнегеге, тағылымға айналған асыл ағаларымыздың бүркеншік әдеби есімдері әлі күнге дейін нақты анықталып, зерттелген емес. Егер, зерттеуші қатарластарым ХХ ғасыр басындағы қазақ журналистикасын індетте зерттеуді қолға алса, ғылымдағы басы даулы, түйткілі көп мәселелердің қыр-сырын ашып, әркімге телініп жүрген шығармалар мен мақалалардың төп авторын анықтауға мүмкіндік туар еді.

Сәкен басқарған «Қызыл Қазақстан», Илияс қызмет еткен «Жетісу әйелі», «Тілші», «Әйел теңдігі», Бейімбеттің қолтаңбасы қалған «Ауыл» газеттерінің тігіндісін ақтарып, әр нөмірін хаттап, бүгінгі жазуға түсіріп, әрқайсысын жеке-жеке өз алдына бөлек кітап ретінде шығарса, ғылымның дамуына зор үлес болар еді. Биылғы 125 жылдық мерейтой аясында атқарылар игі істің бірі осы болса, тұлғаларды тану, зерттеу жаңаша арнаға ойысары сөзсіз. Өткен тарихымызды тану, зерттеу – бүгіннің міндеті ғана емес, парызы.

Жылдар жылжыған сайын үшеудің үні дабылды, екпінді естіледі.

**Елдос ТОҚТАРБАЙ,
«Дарын» жастар
сыйлығының лауреаты.**

Бабалардан қалған сөз

КӨКІРЕГІ ОЯУ, КӨЗІ АШЫҚ ҰРПАҒЫМА

Халқымыздың қасиетті ұлдары ежелден-ақ елі мен ерінің қамын ойлаған. Батырларымыз елі мен жерін қорғаса, даналар, шешендер мен ақындар халықты бірлік пен тірлікке үндеп, өмірде жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуді ұсынды.

Сол көне ғасырлардағы бабалардың ұрпақтарына арнаған өсиетті өлең сөздерінен үзінділер алып, оқырмандарға ұсына отырмыз.

Асанқайғы СӘБИТҰЛЫ (XV ғасыр):

- Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа.
Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілге таласпа.
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен санаспа.
Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңесіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді,
Өтірік сөзбен қостама.

Шалкиіз ТІЛЕНШІҰЛЫ (XVI ғасыр):

- Атадан асып тудым деп,
Салмақтама неменді,
Салмақтасаң неменді,
Тәңір тесер төбенді.

Ақтанберді САРЫҰЛЫ (XVIII-ғасыр):

- Жеңіме жамау түскенін,
Жоқшылық сенен көремін.
Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық сенен көремін.

Үмбетей ТІЛЕУҰЛЫ (XVIII ғасыр):

- Бұрала біткен емендей,
Қисық туған адамсың.
Бұл мінез, бұл қылықпен,
Қайдан абырой табасың?

Бұқар ҚАЛҚАМАНҰЛЫ (XVIII ғасыр):

- Өлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де.
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де.
Қызыққа тоймас адамзат.
Өлемді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де.
Қысынсыз күйге түссе де,
Қызықты күні қырындап.
Өмірге тоймас адамзат.
Жақындап ажал тұрса да,
Жаныңа қылыш ұрса да,
Қалжырап көңіл қарайып.
Қарауытып көзі тұрса да,
Үмітін қоймас адамзат.

Көтеш РАЙЫМБЕКҰЛЫ (XVIII ғасыр):

- Ай қараңғы, күн бұлт, түн деменіз,
Біреу жарлы, біреу бай, күндеменіз.
Ата тілін тыңдаған адал ұлды,
Хат оқыған молдадан кем деменіз.
Ай қараңғы, күн бұлт, түн деменіз,
Біреу жарлы, біреу бай, күндеменіз.
Ана тілін алмаған арам ұлды,
Ауызы түкті көпірден кем деменіз.

Шал ҚҰЛЕКЕҰЛЫ (XVIII ғасыр):

- Кез болса ер жігітке жақсы қатын,
Жақсы қатын шығарар ердің атын.
Жаман қатын өзі қылған істерінің,
Еріне қалдырады жаман атын.
Күні суық болған соң, түні қайтсын,
Жеңі шолақ болғасын қолы қайтсын.
Өзі жаман болайын деген бар ма,
Білімі, өнері жоқ, оны қайтсын?

Майлықожа СҰЛТАНҚОЖАҰЛЫ (XIX ғасыр):

- Жақсы болса қатының,
Ер-егізін, жақының.
Жан денең де жай тауып,
Толы болар ақылың.
Өзіңе керек жұмыстан,
Көрмейсің істің қапылын.
Сол секілді әйелдің,
Алтынға беріп болмайды
Шаштарының әр қылын.

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ (1845-1904 ж.ж):

- Сап-сап, көңілім, сап, көңілім,
Сағынышқа сарғайма!
Жай жүрсенде қыз құмай,
Сені біреу қарғай ма?
Қыз іздесең, қалың бер,
Мұңым ақыл болмай ма?
Көріп алсаң көріктіні,
Таңдап алсаң тектіні,
Сонда да көңіл толмай ма?
Егер адал жүргенде,
Тіпті жақсы болмай ма?

**Жазып алған Болат БИСҰЛТАНҰЛЫ,
Ақсу ауданының "Құрметті азаматы",
Қазақстанның Құрметті журналисі,**

«Дінмұхамед Қонаев – 110 жыл» мерекелік медалінің иегері.

Талдықорған қаласы.



Суықсай ауылдық округі бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтер

Ақсу ауданы «Суықсай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер:

"Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату";

"Жер учаскесін алу үшін кезекке қою";

"Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру";

"Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру";

"Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу".

Суықсай ауылдық округінің әкімшілік ғимаратында, «М.Мәметова атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Ю.Гагарин атындағы орта мектебі», «Таң-Шолпаным» балабақшасында, Суықсай дәрігерлік амбулаториясында «Еgov» порталы бойынша, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы орналасқан.

Әрбір жеке адам өз электрондық кілтіменен, электрондық үкімет порталы арқылы электронды түрде қызмет түрлерін ала алады.

Онда ноутбук, принтер, картрейдер және интернет желісі қосылған, ауыл тұрғындары өздеріне қажетті кез келген анықтамаларды аудан орталығына бармай-ақ, осы жерден алуларына қолайлы жағдайлар жасалынған. Округ аумағында жыл басынан бастап, «Еgov» бұрышына 200 әртүрлі қызмет көрсетілді.

Ауылдық округ бойынша 2023 жылы "Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары бойынша 17 өтініш түсті.

I-кезең бойынша 8 өтініш тіркеліп, өтініштері уақытылы қанағаттандырылып жауап берілді.

II-кезең бойынша 9 өтініш тіркеліп, өтініштері уақытылы қанағаттандырылып жауап берілді.

Сауда - саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу" 2 кезең бойынша 17 өтініш түсіп, барлығы да толығымен қанағаттандырылды.

**Б.МЫҚТЫБАЕВА,
«Суықсай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік
мекемесінің бас маман іс-жүргізушісі.**

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАҢА (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЙТАЛАУ КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 Бұйрығы негізінде,

«Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде, 2024 жылдың 28 ақпаннан 20 наурызға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінім қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2024 жылдың 20 наурыз 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2024 жылдың 26 наурыз 10 сағат 00 минутта мына мекен-жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінің) үлестерінің көрсетілуі, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауылшаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертаратпандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертке ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және "2024 жылғы наурыз "26" дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
1	Ойтоған ауылдық округі	231,4	жайылым	Ашық сұр топырақты 10-30% шалғынды сұр топырақтар және шалғынды сұр топырақты аздап сортаң топырақты 10-30% құмды саздақ.	6,2	Қажет емес	Мамандандырылған
2	Ойтоған ауылдық округі	333,4	жайылым	Сероземдер – жеңіл құмды сазды, жайылма-шалғынды сортаңды жоғары сортаң құмды, құмдары 10-30% жоталы төбелі құмдар.	6,5	Қажет емес	Мамандандырылған
3	Ойтоған ауылдық округі	212,6	жайылым	Шалғынды сұр топырағы аздап сортаңданған шалғынды сұр топырақты сортаң 10-30% және сортаң 10%-ға дейін құмды сазды.	3,3	Қажет емес	Мамандандырылған
4	Ойтоған ауылдық округі	381,4 41,8	Жайылым Суармалы егістік	Шалғынды-сероземді аздап тұзды шалғынды сұр жермен тұзды батпақтар 10-30% тұзды батпақтар 10% құмды саздақ	6,1	Қажет емес Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
5	Ойтоған ауылдық округі	400,0	жайылым	Боз топырақтар шалғынды сұр топырақты, өлсіз сортаңды 10-30% және күн өлсіз сортаңды 10% дейін және құмды және жоталы жартылай бекітілген құмдармен 10-30%	4,5	Қажет емес	Мамандандырылған
6	Ойтоған ауылдық округі	46,06	жайылым	Сұр сұр топырақтар шалғынды сұр топырақты, өлсіз сортаңды 10-30% және күн өлсіз сортаңды, 10% дейін құмды сазды және 10-30% жоталы құмды.	2,6	Қажет емес	Мамандандырылған
7	Ойтоған ауылдық округі	6,5	Шабындық	Шалғынды сұр топырақ 10-30% аздап сортаң, сортаң 10-30% ауыр саздақ.	15,1	Қажет емес	Мамандандырылған
8	Ойтоған ауылдық округі	10,0 9,59	Шабындық Жайылым	Жартылай бекітілген жоталы дөңес құмдары бар ашық сұр құмды саз 30-50%	11,1	Қажет емес	Мамандандырылған
9	Ойтоған ауылдық округі	9,24	Шабындық	Шалғынды сұр топырақ 10-30% аздап сортаң, сортаң 10-30% ауыр саздақ.	19,5	Қажет емес	Мамандандырылған
10	Ойтоған ауылдық округі	6,6	Шабындық	Шалғынды сұр топырақ 10-30% аздап сортаң, сортаң 10-30% ауыр саздақ.	15,2	Қажет емес	Мамандандырылған
11	Ойтоған ауылдық округі	5,5	Шабындық	Серозем-шалғынды орташа сазды	20,0	Қажет емес	Мамандандырылған
12	Ойтоған ауылдық округі	7,5	Шабындық	Шалғынды сұр топырақ 10-30% аздап сортаң, сортаң 10-30% ауыр саздақ.	18,1		Мамандандырылған
13	Ойтоған ауылдық округі	6,49 8,45	Суармалы егістік жайылым	Сероземді жеңіл құмды сазды, өлсіз сортаң құмды сазды топырақты 10-30% сортаңды өлсіз сортаң құмды сазды 10%-ға дейін және жоталы-дөңес жартылай бекітілген құмды 10-30%.	7,0	Қажет емес Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Ақсуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе акимата Ақсуского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 28 февраля по 20 марта 2024 года. по адресу: (Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан, 5,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Ақсуского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 20 марта 2024 года, в 18 часов 30 минут.

Открытие конвертов с конкурсной документацией будет проведена 26 марта 2024 года в 10 часов 00 минут (Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан, 5,) в кабинете заместителя Акима района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителе и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аккредитованных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: "26" марта 2024 года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районное управление земельных отношений).

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АҚСУСКОГО РАЙОНА.

№	Местоположение	Площадь, га.	Состав угодий	Качественная характеристика почв	Балл бонитет	Водообеспеченность	Сельскохозяйственная специализация региона
1	Ойтоганский сельский округ	231,4	Пастбища	Лугово-сероземные почвы с сероземами светлыми 10-30% и с лугово-сероземными слабосолонцеватыми почвами 10-30% супесчаные	6,2	Не требуется	Специализированный
2	Ойтоганский сельский округ	333,4	Пастбища	Сероземы светлые супесчаные,	6,5	Не требуется	Специализированный
3	Ойтоганский сельский округ	212,6	Пастбища	Лугово-сероземные слабосолончковые с лугово-сероземными солончакowymi 10-30% и солончаками до 10% супесчаные	3,3	Не требуется	Специализированный
4	Ойтоганский сельский округ	381,4 41,8	Пастбища Орошаемое пашня	Лугово-сероземные слабосолончковые с лугово-сероземными солончакowymi 10-30% и солончаками до 10% супесчаные	6,1	Не требуется Обеспечен водой	Специализированный
5	Ойтоганский сельский округ	400,0	Пастбища	Сероземы светлые с лугово-сероземными слабосолонцеватыми 10-30% и солонцами слабосолончковыми до 10% и песчаными и с песками грядово-бугристыми полужакопленными 10-30%	4,5	Не требуется	Специализированный
6	Ойтоганский сельский округ	46,06	Пастбища	Сероземы светлые с лугово-сероземными слабосолонцеватыми 10-30% и солонцами слабосолончковыми супесчаные до 10% и песками грядово-бугристыми 10-30%	2,6	Не требуется	Специализированный
7	Ойтоганский сельский округ	6,5	Сенокос	Лугово-сероземные с лугово-сероземными слабосолончковыми 10-30% и солончакowymi 10-30% тяжелосуглинистые	15,1	Не требуется	Специализированный
8	Ойтоганский сельский округ	10,0 9,59	Сенокос пастбища	Сероземы светлые супесчаные с песками грядово-бугристыми полужакопленными 30-50%	11,1	Не требуется	Специализированный
9	Ойтоганский сельский округ	9,24	Сенокос	Лугово-сероземные с лугово-сероземными слабосолончковыми 10-30% и солончакowymi 10-30% тяжелосуглинистые	19,5	Не требуется	Специализированный
10	Ойтоганский сельский округ	6,6	Сенокос	Лугово-сероземные с лугово-сероземными слабосолончковыми 10-30% и с солончакowymi 10-30% тяжелосуглинистые	15,2	Не требуется	Специализированный
11	Ойтоганский сельский округ	5,5	Сенокос	Сероземно-луговые среднесуглинистые	20,0	Не требуется	Специализированный
12	Ойтоганский сельский округ	7,5	Сенокос	Лугово-сероземные с лугово-сероземными слабосолончковыми 10-30% и с солончакowymi 10-30% тяжелосуглинистые	18,1	Не требуется	Специализированный
13	Ойтоганский сельский округ	6,49 8,45	Орошаемое пашня пастбища	Сероземы светлые супесчаные с лугово-сероземными слабосолонцеватыми супесчаными почвами 10-30% с солонцами слабосолончковыми супесчаными до 10% и с песками грядово-бугристыми полужакопленными 10-30%	7,0 7,0	Обеспечен водой Не требуется	Специализированный

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ КІРУ КЕЗІНДЕГІ АНТҚА АДАЛДЫҚ

Бүгінде мемлекеттік аппараттың қызметі қоғам сураныстарын қанағаттандыруға, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, яғни сервистік қызмет көрсетуге бағытталуда.

Демек, клиентке бағдарланған мемлекеттік аппарат құру жалпы мемлекеттік қызметшілердің көзқарасын түбегейлі өзгертуді талап етеді.

Еліміздегі мемлекеттік басқарудың жаңа мәдениеті «Ең алдымен адамдар» қағидатына негізделеді. Мұндағы басымдықтардың бірі – мемлекеттік қызметтің барынша үйлесімді үлгісіне көшу. Бүгінде Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті жаңғырту тапсырмасын жүзеге асыру аясында 4 заң қабылданып, бірқатар заңға тәуелді актілер дайындалды. Енді мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар күшейтіледі. Мемлекеттік қызметті заман талабына сай түбегейлі жаңғырту тек құқықтық-нормативтік құжаттарға өзгертулер енгізумен шектелмейді. Мұндағы басты міндеттің бірі – мемлекеттік қызметшінің кәсіби-тұлғалық болмысын жетілдіру. Ол үшін мемлекеттік қызметшіге саналы тұрғыда өзгеріс қажет. Бұл ниет қалаулары мен ұстанымдық қағидаттарын өзгерту талабын тудырады.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда: «Халқымыздың сана-сезімі, құндылықтары түбегейлі жаңаруы керек. Сонда ұлттың жаңа сапасы қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда, барша еліміз жаңарады», деп саналы өзгеріске деген қажеттіліктің пісін жетілгенін айтқан болатын.

Қазіргі біздің қоғам мемлекеттік қызметшілерден елдік және қоғамдық мүдделерге әділ және адал қызмет етуін, өз жүз-жігерін, білімі мен тәжірибесін отанымыздың дамуына жұмсауын күтеді. Мемлекеттік қызметшінің тұлғалық жетілуі – тұтастай қоғам өзгеруінің алғышарты. Мемлекеттік қызметшінің тұлғалық болмысы қоғамға үлгі болуы қажет. Ол үшін мемлекеттік қызметші кәсіби, тұлғалық ізгі қасиеттерді бойына жинақтап, іс жүзінде оның нәтижесі көрініп тұруы керек. Мемлекеттік қызметшінің саналы жаңғыруындағы басты ұстанымның бірі – ашықтық.

Ашықтық – бюрократияға, сөзбұйдаға жол бермеу,

кемшіліктер, олқылықтар орын алған жағдайда шынайы болу. Ашықтық халық пен мемлекеттік аппараттың арасындағы байланысты нығайтып, ауызбіршілікке жол ашады. Жұртшылық талабымен санасуды, маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдау кезінде олардың пікірін ескеруді талап етеді. Ашықтықтан күтілетін нәтиже – қоғам тарапынан сенімге ие болу. Азаматтардың еркіндігі мен демократиялық ұстанымдар құрметтелетін қоғамда әртүрлі көзқарастар білдіруге тыйым салынбайды. Сондықтан пікір алуандылығына ашық, шешім қабылдауда әділ болу басты ұстанымға айналуы қажет.

Мемлекеттік қызметші өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында азаматтардың қажеттіліктерін танып, олардың үніне құлақ асуы керек. Қабылданатын шешімнің заңдылық, объективтілік ережелеріне және мемлекет мүдделеріне сәйкес келуін ескерген жөн.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы ашықтық қағидатымен тығыз байланысты. Мемлекет басшысы «Біз адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген негізгі қағиданы айқын ұстанамыз.

Мемлекеттік қызметші үшін саналы жаңғырудағы тағы бір іргелі қағидат – мемлекеттік қызметке кіру кезінде беретін антқа адалдық. Ант ету – адамның жауапкершілікті ар-ұжданымен қабылдап алатын рухани-адамгершілік санаттағы салтанатты шара. Ол адамның арұждан бақылауын іске қосып, өз міндетін саналы түрде түсінуді және айтылған сөздері мен жасайтын әрекеттері үшін моральдық жауапкершілікті қабылдауды білдіреді.

Адамзат тарихында антты бұзу, анттан атау әрқашан айыпталып, мұндай әрекет адамның ар-намысы мен беделіне ойсырата зиян келтіріп отырған. Антты бұзу ел алдында айыпталумен қатар, сенім мен құрметтен жұрдай етеді. Антты қастерлеу, оған ерекше мән беру – халқымыздың болмысына тән қасиет. Халқымызда ант сөзіне қатысты «серт беру», «уәде», «серттесу» ұғымдары бар.

Антқа, берілген уәдеге адалдықты сақтай білу – өнегелі адамға, шын ерге тән қасиет. Анттан аттап кеткен адамдарға жұртшылықтың көңілі суып, олар жағымсыз кейіпке ұшырап отырған. Абайдың тілімен айтқанда «Ант ішіп күнде берген жаны

– Мемлекеттік қызметшілер өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқаратын кәсіби маман ғана болмауы керек. Олар әрдайым бастамашыл, нақты ісімен елге пайда әкелетін және өзгерістердің өміршеңдігін халыққа көрсете алатын азамат болуы қажет. Сондай-ақ олар білімді-білікті ғана емес, сөзі мен ісі үйлесетін, тиянақты, тәртіпті және арлы адам болуы шарт.



“

ҚАРАМАҒЫМДА ҚЫЗМЕТ ІСТЕЙТІН АЗАМАТТАРДЫҢ МАҒАН ЕМЕС, ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ИДЕЯСЫНА АДАЛДЫҒЫ ӘЛДЕҚАЙДА МАҒЫЗДЫ.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ «Еркін Қазақстан» бағамы бойынша

құрсын», яғни сөзінде тұра алмайтын, уәделерін орындай алмайтын адам өз арұжданын, жанын, адамдық қадір-қасиетін түкке тұрғысыз күйге түсіреді. Бұл оның адамдық мәнінің жоғалуына әкеледі.

Антқа адалдық «адамға бағдарланған» мемлекеттік басқару моделіндегі мемлекеттік қызметшілердің негізгі әдеп қағидаларының бірі – адалдық ұғымына етене жақын түсінік. Адалдық жария түрде айтылатын құндылықтық көзқарастардың іс жүзінде, шын мәнінде, жүзеге асырылуын білдіреді. Адал адам – бұл арлы адам.

Мемлекеттік қызметші жоғарыда айтылғандарды ескеріп, саналы өзгеріске бет бұрса, оның тұлғалық болмысының да уақыт талабына сай жаңа сипатта жаңғырауы анық.

Түйіндей келе айтарым, саналы өзгеріс үшін біз бір нәрсені жақсы түсінуіміз керек. Ол – мемлекеттік қызметшілердің жоғары құндылықтарды ұстануы жазадан, сыннан немесе бақылаудан қорыққандықтан емес, өзінің ішкі ерік-жігерімен, ниет қалауымен орындалуы. Сонда ғана саналы өзгеріс іс жүзінде орын алмақ. Ал саналы өзгеріс – мемлекеттік қызметті сапалы жаңғыртудың негізі болмақ.

Гүлнәр ТОЙЛЫБАЕВА, Жетісу облыстық мәслихатының төрағасы және Әдеп жөніндегі кеңес мүшесі.

Тұтас бір қоғамда тіршілік етіп отырған соң ондағы қарапайым адамдар белгілі бір әдепке сай қарым-қатынас жасайтыны белгілі. Ал, күнделікті қызметінде тұрғындардың түрлі уәждеріне құлақ асып, олардың мәселелерімен айналысатын мемлекеттік қызметшілерге тиісті әдеп нормаларын сақтау басты міндет.

Мемлекеттік қызметшілердің басты ережесі саналатын Әдеп кодексі Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген.

Бұл кодекс мемлекеттік қызметкерлердің қызметтегі және күнделікті өмірдегі жүріс-

тұрыстарының жаңа стандартын түзді.

Негізінен мемлекеттік қызметшілер жұмыс уақытынан бос уақыттарында да Әдеп кодексін қатаң ұстауы міндетті.

Демек қызметкер барынша сыпайы, өзінің лауазымдық артықшылығын жеке басының пайдасы үшін қолданбайтын, адал, кез-келген сәтте сабырлы, ұқыпты болғаны жөн.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жеке өмірінде де андап басып, өз ісімен өзгеге үлгі болуды естен шығармағаны абзал.

Олардың күнделікті міндеті қарапайым адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асырылатынын ескерсек, мемлекеттік қызметшіге кәсіби біліктілікпен қатар адамгершілік қасиеттер де ауадай қажет.

Қалай десекте, мемлекеттік қызметшінің күнделікті өмір салты тиісті заң талаптарына толық сай болғаны дұрыс.

Демек, Әдеп кодексі бүгінгі таңдағы мемлекеттік қызметшінің жеке бет бейнесін көрсететін айна екенін ұмытпауымыз қажет.

Сондықтан, әрбір мемлекеттік қызметші қызметтік әдепті сақтау үшін барлық қажетті шараларды қолдануы тиіс, ал қоғам мемлекеттік қызметшіні өз күш-жігерін, білімін және атқарып отырған кәсіби қызметіндегі тәжірибесін сала отырып, адал өз Отанына – Қазақстан Республикасына қызмет ететіндігіне сенуі қажет.

Мадияр ИСЕБАЕВ,
Қазақстан Республ ИСЕБАЕВ,
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Жетісу облысы
бойынша департаментінің
мемлекеттік қызмет
саласындағы бақылау
басқармасының бас маманы.



№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	№	Местоположение	Площадь, га.	Состав угодий	Качественная характеристика почв	Балл бонитет	Водообеспеченность	Сельскохозяйственная специализация региона
14	Ойтоған ауылдық округі	4,97	Суармалы егістік	Шалғынды-сероземді солтүстік көдімгі шалғынды-сероземді көдімгі солтүстік аздап тұзды 10-30%, ашық сазды.	41,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	14	Ойтоғанский сельский округ	4,97	Орошаемое пашня	Лугово-сероземные северные обычные с лугово-сероземными обыкновенными северными слабосолончаковыми 10-30%, легкосуглинистые	41,0	Обеспечен водой	Специализированный
15	Ойтоған ауылдық округі	8,65	Суармалы егістік	Шалғынды-сероземді көдімгі солтүстік көдімгі шалғынды-сероземді көдімгі солтүстік аздап тұзды 10-30%, жеңіл сазды.	46,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	15	Ойтоғанский сельский округ	8,65	Орошаемое пашня	Лугово-сероземные обыкновенные северные обычные с лугово-сероземными обыкновенными северными слабосолончаковыми 10-30%, легкосуглинистые	46,0	Обеспечен водой	Специализированный
16	Ойтоған ауылдық округі	5,8	Суармалы егістік	Шалғынды сероземді көдімгі солтүстік көдімгі шалғынды-сероземді көдімгі солтүстік аздап тұзды 10-30%, жеңіл сазды.	41,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	16	Ойтоғанский сельский округ	5,8	Орошаемое пашня	Лугово-сероземные обыкновенные северные обычные с лугово-сероземными обыкновенными северными слабосолончаковыми 10-30%, легкосуглинистые	41,0	Обеспечен водой	Специализированный
17	Ойтоған ауылдық округі	2,72	Суармалы егістік	Көдімгі шалғынды сероземалар көдімгі орташа сазды Шалғынды сұр топырақты, жеңіл, ауыр сазды	68,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	17	Ойтоғанский сельский округ	2,72	Орошаемое пашня	Луговые серозёмов обыкновенных обычные среднесуглинистые Лугово серозёмов светлых тяжелосуглинистые	68,0	Обеспечен водой	Специализированный
18	Ойтоған ауылдық округі	4,3	Суармалы егістік	Шалғынды сұр топырағы көдімгі, орташа сазды	62,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	18	Ойтоғанский сельский округ	4,3	Орошаемое пашня	Лугово серозёмов обыкновенных среднесуглинистые	62,0	Обеспечен водой	Специализированный
19	Ойтоған ауылдық округі	8,0	Суармалы егістік	Шалғынды сұр топырақ көдімгі солтүстік шалғынды сұр топырағы көдімгі солтүстік аздап сортаң 10-30% ашық сазды	68,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	19	Ойтоғанский сельский округ	8,0	Орошаемое пашня	Лугово-сероземные обыкновенные северные с лугово-сероземными обыкновенными северными слабосолончаковыми 10-30% легкосуглинистые	68,0	Обеспечен водой	Специализированный
20	Ойтоған ауылдық округі	6,0	Суармалы егістік	Шалғынды сұр топырақты, жеңіл, ауыр сазды	41,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	20	Ойтоғанский сельский округ	6,0	Орошаемое пашня	Лугово серозёмов светлых тяжелосуглинистые	41,0	Обеспечен водой	Специализированный
21	Ойтоған ауылдық округі	4,5	Суармалы егістік	Шалғынды сұр топырақ көдімгі солтүстік шалғынды сұр топырағы көдімгі солтүстік аздап сортаң 10-30% ашық сазды	62,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	21	Ойтоғанский сельский округ	4,5	Орошаемое пашня	Лугово-сероземные обыкновенные северные с лугово-сероземными обыкновенными северными слабосолончаковыми 10-30% легкосуглинистые	62,0	Обеспечен водой	Специализированный
22	Ойтоған ауылдық округі	7,0	Суармалы егістік	Шалғынды сұр топырақ көдімгі солтүстік шалғынды сұр топырағы көдімгі солтүстік аздап сортаң 10-30% ашық сазды	41,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	22	Ойтоғанский сельский округ	7,0	Орошаемое пашня	Лугово-сероземные обыкновенные северные с лугово-сероземными обыкновенными северными слабосолончаковыми 10-30% легкосуглинистые	41,0	Обеспечен водой	Специализированный
23	Ойтоған ауылдық округі	7,0	Суармалы егістік	Шалғынды сұр топырақ көдімгі солтүстік шалғынды сұр топырағы көдімгі солтүстік аздап сортаң 10-30% ашық сазды	41,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	23	Ойтоғанский сельский округ	7,0	Орошаемое пашня	Лугово-сероземные светлые северные обычные среднесуглинистые	41,0	Обеспечен водой	Специализированный
24	Ойтоған ауылдық округі	7,4	Суармалы егістік	Шалғынды сұр топырақ ашық солтүстік көдімгі орташа сазды	54,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	24	Ойтоғанский сельский округ	7,4	Орошаемое пашня	Луговые серозёмом светлых обычные орошаемые тяжелосуглинистые	54,0	Обеспечен водой	Специализированный
25	Ойтоған ауылдық округі	10,0	Суармалы егістік	Шалғынды серозем жеңіл көдімгі суармалы ауыр саздақ	62,0	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған	25	Ойтоғанский сельский округ	10,0	Орошаемое пашня		62,0	Обеспечен водой	Специализированный

ЖЫЛ КІТАБЫН БІРГЕ ОҚИЫК!



Осы балалар повесі негізінде «Қазақфильм» киностудиясында көркем фильм түсіріліп, 1967 жылы Канн қаласында өткен халықаралық балалар мен жасөспірімдер фильмдерінің фестивалінде арнайы жүлдеге ие болды. Б.Соқпақбаевтың бірқатар шығармалары алыс және жақын шетел халықтарының тілдеріне аударылған.

Кітапханашы «Жыл кітабын бірге оқиық» атты кітап көрмесімен таныстырды. Кітап көрмесінде балалар жазушысының әр жылдары түрлі баспаларда жарық көрген «Жекпе-жек» (1962), «Қайдасың, Гауһар?» (1977), «Менің атым - Қожа» (1978), «Өлгендер қайтып келмейді» (1979), «Балалық шаққа саяхат» (2005), (2010) сынды және т.б. көркем шығармалары оқырмандарға ұсынылады. Сонымен қатар қазақстанның белгілі жазушыларының Бердібек Соқпақбаев туралы жазылған ой пікірлері қойылды.

Баршаңызды Б.Соқпақбаевтың шығармаларын бірге оқуға шақырамыз!

Назира АУБАКИРОВА,
«AMANAT» партиясының мүшесі, Б.Сырттанов ауылдық кітапханашысы.

Биылғы 2024 жылы "Бір ел-бір кітап" республикалық акциясы аясында көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаевтың шығармаларын оқитын боламыз.

Акцияның мақсаты – қазақ әдебиетін насихаттау, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, Қазақстанның әдеби мұрасын зерттеуге мүмкіндік туғызу, өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуы мен ана тіліне деген құрметін көтеру.

Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы 15 қазанда Алматы облысы Нарынқол ауданында дүниеге келген. 1949 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген. 1950-1952 жж. Нарынқол ауданында мұғалім

болып, ал 1952-1955 жж. – «Қазақфильм» киностудиясының редакторы, «Балдырған», «Жұлдыз» журналдарының редакциясында жұмыс атқарған. Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларында Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы ауыл өмірін, ауыл жастарының арман-мақсатын, махаббатын суреттеу ерекше орын алады.

Б.Соқпақбаев - ең алдымен балалар жазушысы. Балалық шақ пен жастық шақ тақырыбы оның барлық кітаптарының негізі болып табылады. Кеңінен танылған: «Бұлақ» (1950) жинағы, «Он алты жасар чемпион» (1951); «Алыстағы ауылда» (1953) кітаптары, «Өлгендер қайтып келмейді» (1967,1974); «Менің атым – Қожа» (1957,1972) повестер мен романдары.

М.ФАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫ СІЗДЕРДІ КҮТЕДІ!

Азаматтық қорғау академиясы Мамандықты дұрыс таңдау – болашақтағы жетістіктің кепілі.



Қазақстан Республикасындағы Өрт қауіпсіздігі саласындағы оқытатын жалғыз жоғары оқу орны - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы болып табылады. Күндізгі оқу бөліміне 16 жасқа толған және денсаулық жағдайы бойынша жарамды тұлғалар қабылданады, - деп хабарлайды Махамбет ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі.

Академияда оқу тегін, күндізгі оқу нысаны бойынша оқу мерзімі 4 жыл, ол әскери қызмет өткеру мерзіміне есептеледі. Курсанттар оқу кезеңінде мемлекеттің қамсыздандыруында болады. Академия келесі мамандықтар бойынша оқытады: «Өрт қауіпсіздігі», «Төтенше жағдайларда қорғау», «Өрт сөндіру және авариялық – құтқару ісі», «Азаматтық қорғаныс күштерінің командалық тактикалық». Академияны бітіргеннен кейін «азаматтық қорғау лейтенанты» арнаулы атағы беріледі және орта басшы құрам лауазымдарында жұмысқа орналасумен 100% қамтамасыз етіледі.

Осы оқу орнының курсанты болу үшін қандай оқу пәндерін қарқынды оқу керек? Бірінші кезекте спортпен шұғылдану керек, өйткені, талапкерге дене дайындығы бойынша нормативтерді тапсыруға тура келеді - 100 метр жүгіру, 1000 метр жүгіру, 1 минут ішінде шалқадан жатып кеудені көтеру және тартылу. ҰБТ тапсыру үшін пәндер тізімі: Математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, қазақстан тарихы. Бейінді пәндер: математика, физика.

ҚР ТЖМ оқу басқа оқу орындарындағы оқуға өте ұқсас емес. Оқыту жанды дамыту мен тоқтатудың физика-химиялық негіздерін, өрт тактикасын қамтиды. Әскери және дене шынықтыру циклы - бұл дене шынықтыру, саптық дайындық. Дене шынықтыру дайындығына ерекше көңіл бөлінеді. Үміткерлер мен спорт шеберлері шығаратын курсанттар бар, олардың арасында өрт - қолданбалы спорт түрлері де бар.

Кімге қолайлы: Бұл мамандықты игергісі келетін жастар денсаулығы мен жоғары тәзімділікке ие болуы керек. Рухы мықты ержүрек жігіттер өздерін осы мамандыққа арнайды деп сеніммен айтуға болады.

Мамандықтың болашағы: Ешқандай заманауи құрылыс материалдары мен автоматты өрт сөндіру жүйелері өрт қауіпсіздігіне кепілдік бере алмайды, адам факторының әсері тым үлкен. Сонымен, бұл мамандық әрқашан қажет болады.

А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Ж.САЯКЕНОВ,
Ақсу ауданы 6-ӨСБ қарауыл бастығы, азаматтық қорғау капитаны.

БАЛА – БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ

Бала — біздің болашағымыз. Бұл терең мағыналы, астарлы ойларға толы, жаныңды сезімге жетелейтін, қасиетті сөз. Ата — ана, ересектер қауымдастығының барлық іс — әрекеттері балаларға тәрбие беріп, ана мейірімділігі пен шапағат нұрын сыйлауға, жетелеуге, жағдайын жасауға, білім беруге, тәрбие мен өнеге болуға міндетті.

Балаға жетімдік қиянатын тарттырмаудың бір жолы, қазіргі кезде жетім баланың жарым көңіліне қуаныш сыйлап, баланы өз қамқорлығына алып, оларға ата - аналық махаббатын сыйлаған жандар баршылық. Сондай алтын жүректі жандарға үкіметіміз қолдау көрсетуде. Ата-ананың махаббатын көрмеген баладан қандай болашақ күтеміз? Сондықтан да, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алып, отбасындағы жылы қарым-қатынасты көріп, ата-ана жылуын сезінуіне көмектессек игі еді. Сондықтан жүрегі кең, тұрмысы тәуір азаматтар балалар үйінен қамқоршылыққа, патронатқа бала алып жатса, елімізде жетім балалар саны азаяр еді. «Жетім дегеніміз – балалық шағында тәрбие көрмеген



адам», - деген екен бір ғұлама. Ендеше, жетім балалардың жауапкершілігі жоқ ата - ананың құрбаны екендігін ұмытпайық.

Әсел НУСИПОВА,
«Жетісу облысы білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

ӨРТТЕН АБАЙ БОЛЫҢЫЗДАР!



Өрт – тілсіз жау. Оның салдарынан түрлі қайғылы жағдайлар орын алууда. Әсіресе, жылыту маусымында жеке тұрғын үй секторларында қатты отынмен жағылатын пештерді және электр жылытқыштарды қолдану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау аса маңызды. Пешті орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуына баса назар аудару қажет. Өрттердің жиі шығу себептері пештің қатты қызуынан, қаланған кірпіштерде жарықтардың пайда болуынан, от тұтандыру үшін жанғыш және тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдалану нәтижесінен, пеш ауызынан шоқтардың түсіп қалуынан орын алады.

Пешпен жылытуда қауіпсіз және ұзақ пайдалану үшін, келесі талаптарды есте сақтаған жөн: пеш және басқа да жылыту құрылғылары тұтанғыш заттардан алысырақ орналастыруы тиіс, сондай-ақ, пеш алдындағы еденге, көлемі 0,5x0,7 м. қаңылтыр орантылуы қажет. Жанып тұрған пешті бақылаусыз қалдырғаннан жиі өрттер болады. Қатты аяздарда пешті ұзақ пайдалану, оның жекелеген бөліктерінің қатты қызып кетуіне әкеп соқтырады. Егер осы қатты қызып кеткен бөліктері ағаш қабырғалар немесе жиһаздарға тиіп тұрса, өрттен қашып құтылу мүмкін емес. Сондықтан пешті күніне 2-3 рет, 1-1,5 сағаттан гана жағу ұсынылады. Пешке жақын және тікелей оның үстінде, тұтанғыш мүліктер мен материалдарды сақтауға, киім кептіруге болмайды.

Жылыту маусымы алдында, пештерді және түтін тарту жолдары жағдайының дұрыстығын тексеріп, ыстан тазалап, жарықтары болса, құм-саз сылағын жүргізіп, түтін мұржаларын өктеген жөн. Бөлме пештерінің түтін жолдарына жиналатын күйелерді, үш ай сайын тазалап тұрған жөн. Температураның төмендеуіне байланысты, электржылытқыш құрылғыларын қосу көбейе бастайды, тиісінше электр желісіне күш түседі. Жиі пайдалану салдарынан табиғи ескіруден, жоғары қуатта қолданылған электр желісінің қысқа тұйықталуы, өрттің шығуына әкелуі мүмкін. Сондықтан да өзіміздің және жақындарымыздың қауіпсіздігі үшін барлық талаптарды сақтау қажеттіз. Ең бастысы балаларды қараусыз қалдырмауларыңызды, қауіпсіздік ережелерін үнемі олардың естеріне салуларыңызды, төтенше жағдай орын алған кезде «101», «112» шұғыл қызметтердің телефон нөмірлерін жаттатуларыңызды сұранамыз.

Қателіктер қайталанып, өкініштен бармақ тістемейік десек, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұлжытпай орындауға ықыласты болғанымыз жөн.

А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ
Ақсу ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2489

☎ Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

✉ Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.